

# ШАХИЗАДАНЫҢ ҚҰЛИАСЫ...

...Қызмет телефоны жылан шағып алғандай «шар» ете қалды.

– Қалалық Ішкі Істер Департаменті Тергеу басқармасының бастығы полковник Қайсенов тыңдап тұр...

Арғы жақтан жігерлі, бірақ темекі шегушілерге тән қарлығыңқы әйелдің дауысы:

– Мен бақытсыздыққа ұшырап, өзімді қоярға жер таппай жүрген бейбақ едім...

– Бізге өтінішпен келіп, болған жайдың бәрін айтып беріңіз.

Екі жақ ертең кездесуге уағдаласты.

...Таңертең ертелетіп келді. Бірден көзге түсетіндей әсерлі әйел. Азиялық па, кавказ өңдес пе, өйтеуір ұлтын айырып болмастай, дауысы өмірлі де, батыл. Баяғыдағы шахтардың әйелі сынды, мысыңды басып, еркінді еріксіз билеп тұратын көрікті, ерекше жан екен. Полковник іштей: «Шахизада» деп ат қойып үлгерді.

Әйел де полковник поғонындағы, пошымы палуандарға ұқсас, бойы ортадан жоғары, денесі қол тоқпақ сынды - тығыршықтай, жігерлі жанарынан батылдықпен қоса, мейірімділік нышаны сезіліп тұрған офицерге сынағандай көзін тігіп, ұзақ қарап қалды.

Ішкі Істер саласында ұзақ жылдар қызмет істеп, адам психологиясын жетік меңгерген Қайсенов өткір, батыл да, жігерлі қалпына түсе қалды. Өйткені, өзін тал солай ұстап, пәлекет әйелдің мысын басып қоймаса – тізгінен де, сенімнен де айырылып қалатынын анық сезді. Жоқ, енді іштей «Шахизада» атаған әйелдің жүйкесі сыр берді! Бағанағы еркіндігінен айырылып, полковниктың жанарынан көзін тайдырып екетті. Артынша, қолындағы қымбат, мүйіз жиекті көзәйнегін шиыра ұстаған күйі қайтадан еркін, батыл кейіпке енді:

– Менің аты-жөнім Баретта Агатовна.

– Мені Абылай Өзімханұлы деп атаңыз болады.

Әйел оқиғаның мән-жайын тәптіштей айтып, түсіндіре бастады:

– Көзімнің ақ-қарасындай жалғыз ұлымды, биыл көктемде оған қарыздар – жолың болмағыр, мектепте бірге оқыған сыныптас жігіт өлтіріп кеткен. Қазір милициядан

қашып жүр. Менттерің, неге екенін кім білсін, ден қойып іздеп те жүрген жоқ. Ол қанішердің анда-санда жасырын келіп-кетіп жүретін үйдің әдрісін де білемін. Сіздерге тек аңду қойып, тұтқындау ғана қалады. Гонорарын сіз мөлшерлеген шамадан да артық төлеймін. Қобыраған сабан ақшамен емес, американдық валюта - доллармен.

– Бізге еңбек ақыны үкімет төлейді. МҚК -де гонорар деген түсінік жоқ – деген полковниктің сөзіне әйел сенбеген пішінмен:

– Қояр талабым: менің ұлымды өлтірген қанішерді тауып, ұстап, ол екеуімізді бар-жоғы жарты сағатқа жеке қалдырасыз.

Полковник Қайсеновтың бір сәтке таңырқай қарап қалғанын байқаған ол:

– А-а, түсінемін. Заң талабын бұзудан сескеніп тұрсыз ғой...

– Ия, дұрыс түсіндіңіз. Қандай жағдайда болмасын, заң талабына бағынамын. Мен рәкетир емес, мемлекеттік органның офицерімін!

– Сіз қанша ақша сұрасаңыз да, сонша қомақты ақшаны алдыңызға ойланбастан тастай саламын. Дегенмен, ойланыңыз – деп, өзіне сенімді кейіппен, оқтай тұзу аяқтарын «тықтық» еткізіп, сәнмен, бұратыла басып кете барды.

Абылай ұзай берген шығыстың Шахизадасына ұқсаған сымбатты да батыл, жұмбақ әйелдің соңынан тағы да таңырқай қарап қалды.

«Бар-жоғы жарты сағат арасында бұл әйел ұлын өлтірген қатігезге не істемек екен» деген ой басынан кетпей, шыңылдап тұрып алды...

## Шахизаданың оралуы

Ұзақ жаз бойы күйдіріп-жандырып, шексіз үстемдігін жүргізген аптап ыстық ақыры төмендеп тыңдауы... Күндер бірте-бірте қысқарып, кешқұрым салқындауға айналды. Мал, жан-жануар еркін тыныстап, қорегін қиналмай табатын тоқсылық орнаса, адам баласына сенімділік пен тыныштық сезімі пайда болды. Міне, табиғаттың жайлылығы мен аптақ ыстық, немесе шықырпаған аязды ауа райының адамдар үшін айырмашылығы мен әсері қандай!

...Полковник Абылай Қайсенов

жекеменшік «Барыс» детектив агентінің бастығы, сан түрлі қылмыстық істерді ашудың майталман шебері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің доғарыстағы (отставкадағы) полковнигі Темірболат Ахметовпен сонау бала кезден дос. Екеуі екі саланың қызметкерлері болғанымен, әлдебір, күрмеуі қиын болып, қандай да бір шешімге келуге жол табылмай тұрған тұста, «айлас қатын – мұңдас» деп, қазақ айтқандай, екеуі ақылдасып, ортақ бір пікірге келіп, тұйықтан шығып кетуші еді.

Сол үрдіспен Темірболат Таирұлы Қайсеновтың қызмет бөлмесіне келіп, екеуі Шахизада арудың өтініші туралы ақылдасып отырған. Қазақтың: «Кімді ойласаң – сол келеді» деген ескілікті сөзінің дәлеліндей, есік сырттан баяу қағылды. «Кіріңіз» деген жауап айтылмай-ақ, емен есік дыбысыз, жәйлап ашылды да, ішке...

Полковник Қайсеновтың екі жауырыны ортасы тоқ соққандай зым ете түсіп (сіз кім деп ойлар едіңіз?), баяғы Шахизада емін-еркін, аяңдай басып, столға жақындады. Артынша стол қасындағы орындықты өзіне жақындатып, шаршаған адамдай сылқ етіп отыра кетті. Екеуінің жанарлары түйісіп, бірін-бірі арбаған жыландай, үнсіз отырып қалды. Өркім өз ойымен әлек болып үнсіз сөйлесіп тұр:

– Шахизада бикеш, сіз мені ақшаға сатып та, алдап - арбап та, қорқытып та, менің еркімнен тыс ешнәрсе істете алмайсыз. Бірақ, мен үшін сіз қызығарлық та, құпия нысансыз...

Әйелдің ойы: «Полковник мырза, сіз кім, қандай болсаңыз да, сындырып, өзімнің айтқанымға қайтіп көндіре алар екенмін...?»

– Баретта Агатовна, танысып қойыңыз. Менің бала кезгі досым, ҰҚК-нің доғарыстағы полковнигі Темірболат Ахметов. Біз жаңа ғана сіз туралы әңгімелесіп отыр едік, жасыңыз ұзақ болады екен.

– Темірболат Таирұлы деген алматылық қазақпын.

– Баретта Агатовна. – Әйел ұзын, салалы саусақтарының тырнақтары өрттей қызыл лакпен боялған қолын ұсынды.

Дегенмен, пәлекет әйел полков-



ник Қайсеновтың алдын орап, тізгінді өз қолына алып үлгерді.

– Сонымен, Абылай Өзімханұлы, сау - сәлеметсіз бе? – Ашусыз, жәйімен болғанымен, анық та, нық, талап ету мәнерімен айтты.

«Ия, бұл мені өз дегеніне көндіріп, илеп алу үшін, барлап, тамырымды басу мақсатындағы спорттық құлық әдістерінің бірі ғой, көпті басынан өткізіп, «жыланның аяғын көрген» айлакер пәлекеттің» деп ойлаған Қайсеновтың ойын әйелдің:

– Ойланып, бір шешімге келдіңіз бе, полковник мырза? – деген сұрағы бөліп жіберді.

– Сіздегі мәселе сол бұрынғыша - ұлыңыздың өлтірушіні жарты сағатқа жеке қалдыру ғой? (әйтсе де, ол онымен жарты сағат ішінде не істемек екен, ә? - деген ойда болды)

– Ия, мәселе бұрынғыша қалады. – Бірақ біздің кездесуден кейінгі өткен уақыт ішінде сіз басқа орындаушыны табуға болатын еді ғой. Тіпті, газ құтысын сатып алып, жәбірлеушімен оң-оңай есеп айырысуға мүмкіндік болды ғой...

– Осы уақыт ішінде мен машина, көлік жүргізуші куәлігін сатып алып,

жүргізуді үйрендім, газ тапаншасын сатып алдым. Мен газеттегі хабарландыру бойынша жеке детективтерді де таптым, бірақ олар қолынан ешнәрсе келмейтін берекесіз адамдар болып шықты. Тиесілі ақшасын да алды, бірақ ештеңе істемеді.

– Ал маған не істе дейсіз? – Мен қайталаймын, өтінішімді орындаңыз. Сіз айтқан соманы қолма-қол, доллармен алақаныңызға тастай саламын.

– Мүмкін сіз онымен не істегіңіз келетінін айтып берерсіз...

– Бұл менің ісім. Сіздікі - ұлымды өлтірушіні маған екіліп, бізді жарты сағатқа қалдыру.

– Жоқ, Мен олай істей алмаймын.

– Қорықпаңыз, мен оны сізге тірі, еш залалсыз қайтарамын. Содан кейін сіз оны менттеріңізге тапсыра аласыз.

**Ғабдулсәбит ЮСУПОВ.**  
**Жазушы-журналист,**  
**К.Тоқаев атындағы детектив**  
**жанры байқауының жүлдегері**

Жалғасы келесі нөмірде

## ХАБАРЛАНДЫРУ БҰРЫШЫ

Жеке кәсіпкер «АЗИЯ СНЭК» жұртшылықты 2026 жылғы 2 ақпаннан 6 ақпанға дейін Жетісу облысы, Талдықорған қаласында орналасқан «АЗИЯ СНЭК» ЖК мұнай базасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде жария талқылаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскенің және өсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°59'1.63" CШ, 78°21'49.68" ВД.  
Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - ЖК «АЗИЯ СНЭК» Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі 148, пәтер 1, тел. 8 705 277 0190

е-mail: TOOVER@bk.ru.  
Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 8 777 343 34 66. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, е-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, е-mail: 7su\_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына <https://ndbecology.gov.kz> және бастамашының <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru> сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz. сайтында қабылданады. «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su\_expertiza@mail.ru.

ИП «АЗИЯ СНЭК» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 2 февраля по 6 февраля 2026 г. по разделу «Охраны окружающей среды» для Нефтебазы ИП «АЗИЯ СНЭК» область Жетісу, Талдықорған. Географические координаты участка и территории воздействия: 44°59'1.63" CШ, 78°21'49.68" ВД. Инициатор намечаемой деятельности - ИП «АЗИЯ СНЭК» область Жетісу, г.Талдықорған, улица Шевченко 148 квартала 1.

Тел.: 8 705 277 0190, е-mail: TOOVER@bk.ru.  
Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, е-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.  
ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, е-mail: 7su\_expertiza@mail.ru, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МЮ <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.  
Замечания и предложения принимаются на сайте: ndbecology.gov.kz.  
в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и е-mail: 7su\_expertiza@mail.ru

09.02.2026 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Алакөл ауданы әкімдігінің «Алакөл ауданының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөлжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының Бескөл ауылының қазандығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: Алакөл ауданы әкімдігінің «Алакөл ауданының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөлжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, БСН 140540000878, мекенжайы: Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 148. Тел.87021326165, alakolzhyly@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: ПА. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

С 09.02.2026г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для котельной с.Бесколь ГКП на ПВХ «Алакөлжылу» ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Алакольского района» Акимата Алакольского района (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: ГКП на ПВХ «Алакөлжылу» ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Алакольского района» Акимата Алакольского района, БИН 140540000878, адрес: область Жетісу, Алакольский район, г.Ушарал, ул.Жеңіс 148. Тел. 87021326165, alakolzhyly@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев ПА.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и е-mail: 7su\_expertiza@mail.ru

03.02.2026 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі 83 мекенжайында орналасқан «Таубалдиева Ф.Б.» ЖК автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚКС) үшін (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Таубалдиева Ф.Б." ЖК, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі 83. Тел.87017849474, bagi\_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: ПА. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

С 03.02.2026г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации месторождения песчано-гравийной смеси «Шымыр», расположенный в Ескельдинском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жартасты», БИН 191140000111, адрес: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Шымыр, ул.Маметова, дом 2А. Тел. 87757170771, diesel\_51@mail.ru. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев ПА.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

03.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан «Шымыр» құм-қиыршық тас қоспасы кен орнын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Жартасты" ЖШС, БСН 191140000111, мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Шымыр ауылы, Мәмбетов көшесі, 2а үй. Тел. 87757170771, diesel\_51@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: ПА. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

С 03.02.2025г в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации месторождения песчано-гравийной смеси «Шымыр», расположенный в Ескельдинском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жартасты», БИН 191140000111, адрес: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Шымыр, ул.Маметова, дом 2А. Тел. 87757170771, diesel\_51@mail.ru. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев ПА.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.